

# А И Қ Ы Н

КӘКІШЕВ КЕМЕҢГЕРЛІГІ



Биыл қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, ғалым, сыншы, әдебиетші, публицист Тұрсынбек Кәкішұлының туғанына – 90 жыл. Соған орай, ғұлама ғалымды еске алу шаралары жер-жерде кеңінен аталып өтуде.

Бұдан екі жыл бұрын, 88 жасында көз жұмған ғалым, бір көзі құрғырының жұмылыңқырап қалғаны болмаса, өз жасына қарағанда қайратты, әлдеқайда тың көрінетін, қашан дүниеден қайтқанша, жалынды қалпынан танбады: телеарналарға белсенді сұхбат берді, газет-журналдарға өткір мақала бастырды, түрлі жиындар мен басқосуларда ешкімнің бет-жүзіне қарамай, төтеден тіліп, буырқанып сөз сөйледі. Менмін деген кісілер айта алмаған сөзді Кәкішев айтты. Тұрасын айтатын тау тұлғалы осындай ақсақалдың арамызда аман-есен жүргеніне тәубе деуші едік. Тоқсаннан асып, жүзге жетіп жығылардай көретінбіз. Бірақ пешенесіне жазылған өлшеулі ғұмырдан кім аса алар дейсің, тағдыры Тұрсынбек Кәкішевті сол өзіміз көрген өр кеуделі сымбатты қалпында, төсекке сарсытып танбай, ақылдан алжастырмай, өмір майданында жеңілмеген жеңімпаз қалпында арамыздан алып кетті.

Таяуда «Әдебиет порталында» Сәкен Сейфуллин туралы бір жағымсыз жазба пайда болғанда, жұрт сәкентану саласының білгірі Кәкішевті жабылып іздеді. Издейтіндей-ақ бар, ақиық ақын Сәкен тұлғасы мен Тұрсынбек аға бірігіп-бітісіп кеткені соншалық, екеуі бүтін бір тұлғаға айналып кеткелі қашан. Сәкентану саласының негізін мықтап тұрып қалады. «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен «Сәкен Сейфуллин» кітабы 1973 жылы Мәскеуде жарық көрді. Бұл осы сериямен шыққан бүкіл түркі жұртындағы бірінші кітап еді. Бір ғана Сәкен Сейфуллинге қатысты «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» (К.Ахметовамен бірге, 1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан-Сәкен» (2000), «Сәкен аялаған арулар» (2003) деген оншақты кітап жазды. Ақиық ақынның адами және шығармашылық болмысын дәл Кәкішевтей тап басып танитын тұлға енді жоқтың қасы.

Жақында Алматыда өткен қазақ халқының ардақты перзенті, көрнекті ғалым және қоғам қайраткері Тұрсынбек ағаның 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеште сөз сөйлегендер, саналы ғұмырын ел мүддесі жолына тұтастай арнаған ұлт тұлғасының болмысына тағы да бас игізді. Кеште сөз сөйлеген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Нұрлан Оразалин Кәкішевтің табанды ғалым, тағылымды ұстаз екеніне айрықша тоқталып, қарымды қайраткер, текті тұлғаның таза да әділ болмысын, жаңа дәуір руханиятын қалыптастырудағы еңбегін саралап берді. Басқа да сөз сөйлегендер Алаш жұртының ардақтысына айналған ғалымның адамдық қасиеттерін айрық-ша бағалап жатты. Шынында да, Тұрсынбек Кәкішев бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына айрықша еңбек сіңірді. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғаға айналды, «ақтаңдақтар ақиқатын» ашуда табанды күрескерлік танытты, шыншылдығы үшін халқының қалаулы азаматы болды. Оның әдебиеттегі зерттеушілік, ұстаздық, тәлімгерлік қызметі жеке-жеке айрықша атап айтуға тұрарлық, үлгісі кімге де үйренерлік екені даусыз. Еңбекқорлығын айтсаңызшы. Кадр дайындаудағы еңбегінің өзі бір төбе екенін ғалым шәкірттері жырдай ғып айтады. Талайына тұтас тәрбие беріп, сырттан келген ағайындарға да әкесіндей қамқорлық жасаған. Осыдан кейін Тұрсынбек ағаны ұлтты ойлаған ұлы тұлға деп қалай айтпайсың. Көрнекті ғалымның еңбектеріне көз жүгіртсеңіз, қазақтың жазба әдебиет сынының түп-төркінін көне замандағы түрлі ескерткіштерден, орта ғасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен қарастырғанын көресіз. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркідегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырады. Ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдейді. Әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланыстылығын және жоғарыда аталған газет-журнал беттеріндегі әдеби ой-пікірлерді саралап көрсетті. Сыншылдық ой-пікірлер, әсіресе, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскендігін танытты. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханның, т.б. мақалаларының қазақ әдебиет сынының дамуындағы үлесін, биік белесін айқындап берді. Сондай-ақ бұрындары «жабық» болып келген «Сарыарқа» газеті, «Абай»

журналы сияқты басылымдарда шыққан сыни мақалаларды таратып берді. Аумалы-төкпелі заманда тұсаулы ғұмыр кешкен әдебиет сыншыларының қызметіндегі артық-кем түсіп жатқан тұстарын да жасырмай жайып салды. Әсіресе, ақиық ақын Мағжанның төңірегінде болған әдеби айтыс туралы көп шындыққа көз жеткізді. «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар – сын додасында» атты тарауында қазақ поэзия әлемінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желіге ала отырып, оларға тағылған сындардың сырын ашты. Оның бәрін таратып айта берсең, тұтас кітап жазуға тура келеді. Ғалым, ұстаз, қайраткердің екінші өмірі басталғанына екінші жыл ауып барады. Уақыт өткен сайын Тұрсынбек Кәкішев тұлғасы оны білетін жұрттың көз алдында білім-ғылым жолындағы аса беделді, тау тұлға ғана емес, зиялылар ортасында шындықты ешкімнен тайсалмай айтатын туралықтың, әділдіктің эталонына айналып бара жатыр.

**Төреғали ТӘШЕНОВ**